

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген
тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды
мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 маусымдағы № 654 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 2 шілдеде № 18954 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 7-5-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1),2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткенсоң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы
"28" маусымдағы
№ 654 бұйрығымен
бекітілген

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін
жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын
бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі–Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-5-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленген және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы (бұдан әрі - Мемлекеттік шекара) арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік шекарадағы автомобиль өткізу пункттерінде бақылауды аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдары (бұдан әрі - уәкілетті лауазымды адамдар) өздерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттеріне сәйкес жүзеге асырады.

3. Бақылауды жүргізу кезінде уәкілетті лауазымды адамдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы № 833 қаулысымен бекітілген, 2003 жылғы 18 қыркүйекте Ялта қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің халықаралық автомобиль жүк тасымалдары саласындағы өзара іс-қимылы туралы келісімнің 8-бабында көзделген тауар-көлік жүк құжатын (CMR) және оларда көрсетілген мәліметтерді тексеруге негізделген құжаттарды және мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік шекара арқылы:

1) Заңның 18-бабына сәйкес тыйым салулар және сандық шектеулер енгізілген тауарларға қатысты;

2) тауар-көлік жүк құжаты (CMR) болмаған жағдайда өткізуге жол берілмейді.

2-тарау. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізілетін жекелеген тауар түрлеріне қатысты тыйымдар мен шектеулердің сақталуын бақылауды мемлекеттік кірістер органдарының жүзеге асыру тәртібі

5. Мемлекеттік шекараға тауарлар мен көлік құралдары келген кезде тасымалдаушы немесе Мемлекеттік шекара арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға уәкілетті лауазымды адамға тауар-көлік жүк құжатты (CMR) табыс етеді.

6. Тасымалдаушы немесе Мемлекеттік шекара арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға тауар-көлік жүк құжатты (CMR) ұсынбаған жағдайда уәкілетті лауазымды адам мұндай тасымалдаушыны немесе Мемлекеттік шекара арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлғаны Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жауапкершілікке тарту бойынша шараларды қабылдайды.

7. Уәкілетті лауазымды адам Мемлекеттік шекара арқылы тыйым салынған тауарлардың өткізілуіне байланысты тауар-көлік жүк құжатты (CMR) және олардағы мәліметтерді тексереді.

8. Тауар-көлік жүк құжатта (CMR) тыйым салынған тауарлар туралы мәлімет болаған жағдайда, уәкілетті лауазымды адам тауар-көлік жүк құжатта (CMR) кез-келген бос орынға шешім қабылданған күнді көрсете отырып, "Әкетуге тыйым салынады" ("Әкелуге тыйым салынады") деген белгіні қою арқылы мұндай тауарларды Қазақстан Республикасынан (Қазақстан Республикасына) әкетуге (әкелуге) тыйым салу туралы шешім қабылдайды, ол уәкілетті лауазымды адамның қолымен куәландырылады.

Бұл ретте уәкілетті лауазымды адам тауар-көлік жүк құжаттағы (CMR) мәліметтерді осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз және электронды түрде Тыйым салынған тауарларды әкетуге (әкелуге) әрекет ету фактілерін тіркеу журналына енгізеді.

9. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген іс-әрекеттер аяқталғаннан кейін уәкілетті лауазымды адам тасымалдаушыға немесе Мемлекеттік шекара арқылы тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға тауар-көлік жүк құжатты (CMR) қайтарады

Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік шекарасымен
тұспа-тұс келмейтін Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік
шекарасы арқылы өткізілетін
жекелеген тауар түрлеріне
қатысты тыйымдар мен
шектеулердің сақталуын
бақылауды мемлекеттік

Тыйым салынған тауарларды әкетуге (әкелуге) әрекет жасау фактілерін тіркеу журналы Өткізу пункттерінің атауы

р/с №	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен күн	Автокөлік құралының/тіркеменің мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгісі	Жүкжөнелтуші		Жұқалушы		Тауарға ілеспе құжат	
			Атауы	Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, (БСН, ЖСН)	Атауы	Салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі, (БСН, ЖСН)	Сериясы, нөмірі	күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Тауардың атауы	СЭҚ ТН тауар коды (болған кезде)	Тауардың өлшем бірлігі (тонна, дана, литр)	Тауардың мөлшері	Тауардың құны	Ескертпе
10	11	12	13	14	15

Ескертпе: аббревиатураларды ашып жазу:

- 1) р/с—реттік саны;
- 2) БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) СЭҚ ТН – Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы.